


М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНДА АТҚАРҒАН
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ІС-
ШАРАЛАР ЕСЕБІ****Тараз, 2025 ж.**

Әлеуметтік жұмыс басқармасының 2025-2026 оқу жылының жарты жылдығында атқарған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және спорттық іс-шаралар туралы ЕСЕБІ

Студент жастардың тұлғалық, әлеуметтік және шығармашылық дамуын қамтамасыз ету мақсатында университетте әлеуметтік-мәдени даму саласы маңызды орынға ие. Бұл сала жастардың азаматтық-патриоттық сезімін қалыптастыруға, ұлттық және заманауи құндылықтарды үйлестіруге, рухани-адамгершілік мәдениетті нығайтуға, құқықтық сауаттылық пен салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау көрсету, студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту, волонтерлік қызметті ұйымдастыру, инклюзияға негізделген тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу негізгі бағыттар қатарында.

Университеттің құндылықтары мен миссиясы студенттердің ұлттық сана-сезімін, тұлғалық дамуын және қоғамдық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған; әлеуметтік жауапкершілік, толеранттылық пен мәдени әртүрлілікті насихаттау, цифрлық қауіпсіздік пен ақпараттық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ инклюзивтік орта мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету осы миссияның негізгі құрамдастары болып табылады.

2025-2026 оқу жылындағы басты міндетіміз – студенттердің дамуына жағдай жасап, жаңа мүмкіндіктерге жетуге қолдау көрсету.



Осы бағытта ерекше назар аударылды: студенттердің менталды денсаулығын қолдау үшін арнайы орталық ашу; инклюзивтік ортаны кеңейту, мүгедектігі бар студенттерге бейімделген оқу кеңістіктерін дамыту және мамандар санын арттыру; медиа және контент мәдениетін дамыту мақсатында "Dulaty Media Lab"-ты құру және әлеуметтік бейнероликтер түсіруді кеңейту; халықаралық және өңірлік серіктестікті нығайту, аймақтық ЖОО-лармен бірлескен тәрбие жобаларын жүзеге асыру; волонтерлік пен әлеуметтік бастамаларды

қолдау, әлеуметтік жобалар байқауларын өткізу және креативті бастамаларды ынталандыру; сондай-ақ цифрландыру мен автоматтандыру арқылы университет қызметін жетілдіру. Барлық жұмыстар сапалы ұйымдастырылып, алдағы уақытта бұл бағыттарды әрі қарай дамыту, жаңа жобаларды іске асыру және қызметті жетілдіру жоспарлануда.

2025-2026 оқу жылында Әлеуметтік жұмыс басқармасы осы мақсаттарға сәйкес жүйелі іс-шараларды жүзеге асырды. Оқу жылы ішінде жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, олардың шығармашылық және әлеуметтік бастамаларын қолдауға, мәдени және спорттық өмірін байытуға бағытталған түрлі жобалар іске асырылды. Бұл жұмыстардың нәтижесінде университет студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігі, азаматтық ұстанымы мен мәдени деңгейі артып, жастар саясаты саласындағы жаңа бастамалардың жүзеге асуына жол ашылды.

Басқарма университет студенттерімен кешенді тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Басқарманың қызметі азаматтық-патриоттық тәрбиеге, рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға, құқықтық мәдениет пен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, студенттер арасында түрлі тәуекелдердің алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Атап айтқанда, қаржылық сауаттылықты арттыру, менталды денсаулықты нығайту, лудоманияның алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру секілді бағыттарда профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады.



Жастармен жұмыс бөлімі басқарманың негізгі құрылымдық бөлімшелерінің бірі болып табылады. Бөлімнің басты міндеті - университет жастары арасында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, студенттік өзін-өзі басқару жүйесін қолдау, студенттік ұйымдар мен клубтардың жұмысын үйлестіру. Бұл бөлім түрлі әлеуметтік, мәдени, спорттық және тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру арқылы студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және қоғамдық өмірге бейімделуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, жастардың бастамалары мен инновациялық идеяларын қолдау да бөлім жұмысының басым бағыттарының бірі.

Университет жастарын жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруға ерекше үлес қосатын тағы бір бөлімше - **Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы**. Бұл орталықта өнер, музыка, театр, би және басқа да шығармашылық үйірмелер мен клубтар жұмыс істейді. Мұндағы басты мақсат - студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашу, таланттарын дамыту және олардың мәдени өмірге белсенді қатысуына жол ашу.

Студенттердің тұрмыстық жағдайын жақсартуға арналған маңызды құрылым - **Студенттер үйі**. Мұнда жастарға жайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасалып қана қоймай, тәрбие жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіледі. Жатақханалардағы мәдени-бұқаралық іс-шаралар, спорттық жарыстар мен кездесулер студенттердің бос уақытын тиімді өткізуіне, бір-бірімен достық қарым-қатынаста болуына және әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Студенттердің спорттық белсенділігін дамыту мақсатында **«Сұңқар» спорт клубы** жұмыс істейді (клубтың штаттық бірлігі жойылғандықтан, арнайы қызметкері жоқ, алайда оның жұмысын әлеуметтік жұмыс басқармасы ерікті негізде ұйымдастырып келеді). Клубтың негізгі қызметі - спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және университет атынан түрлі жарыстарға қатысуды қамтамасыз ету. «Сұңқар» спорт клубы жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың физикалық дайындығын жетілдіруге үлес қосады.

Әлеуметтік-мәдени даму бағытындағы тағы бір құрылым - университеттің **Музейі**. Музей университет тарихын насихаттайтын, студенттерге рухани тәрбие беретін және мәдени шаралар ұйымдастыратын маңызды орталық болып табылады. Мұнда жастардың тарихи санасын қалыптастыруға, университеттің дәстүрлерін дәріптеуге бағытталған жұмыстар атқарылады.

ҚҰРЫЛЫМ



2025–2026 оқу жылында Әлеуметтік жұмыс басқармасы студент жастармен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, құқықтық және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Басқарма қызметі ҚР мемлекеттік жастар саясаты

туралы заңына, университеттің ішкі тәрбие тұжырымдамасына және стратегиялық құжаттарға негізделе отырып ұйымдастырылды. Жарты жыл көлемінде барлығы **303 іс-шара** өткізіліп, іс-шараларға **12211** студент қамтылды. Аталған іс-шаралар студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, менталды денсаулығын қолдауға, сондай-ақ олардың университеттің қоғамдық және мәдени өміріне кеңінен тартылуына бағытталды.

Негізгі бағыттар бойынша:

1. Жастар саясаты бағыты, студенттік өзін-өзі басқару құрылымдары – **110**
2. Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты – **17**
3. Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары – **48**
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты - **33**
5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты – **21**
6. Шығармашылықты дамыту бағыты – **12**
7. Нашақорлықтың жастар арасында таралуына жол бермеу - **10**
8. Студенттердің менталды денсаулығы бойынша – **52**

Жастар саясатын іске асыруда жастармен жұмыс бөлімі университеттегі студенттік және жастар ұйымдарымен тығыз байланыста қызмет атқарады. Бөлімнің негізгі мақсаты – студенттердің шығармашылық, әлеуметтік және интеллектуалды дамуына жағдай жасау, белсенді жастар қозғалысын қолдау және әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Сонымен қатар, бөлім студенттердің көшбасшылық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ерекше мән береді. Жастармен жұмыс бөлімі студенттердің бастамаларын қолдап, волонтерлық қызмет, мәдени және спорттық шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Бөлімнің қызметі университеттің ішкі мәдени өмірін жандандырып қана қоймай, студенттердің қоғамдық белсенділігін арттыруға, әлеуметтік жобаларға және ғылыми конференцияларға қатысуына жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта бөлім құрамында 5 студенттік деканат және 10 жастар ұйымдары, 2 жатақхана студенттік кеңестері белсенді жұмыс атқарды. Олардың қатарында: «*DU UNION*» студенттік парламенті, «*10ted.kz*» көпсалалы жастар ұйымы, «Жастар Рухы» ЖҚ, «*UIYA*» волонтерлық жастар ұйымы, «Фемида» жастар құқықтық ұйымы, «Еркін ойлар алаңы» интеллектуалды пікірсайыс ұйымы, «Жайдарман» көңілді тапқырлар ұйымы, «*Biz Birgemiz*» волонтерлық ұйымы, «*Lep.dulaty*» көпсалалы ұйым және «Мәңгілік ел» патриоттық ұйымы бар.



Оқу жылының басында университетте жастар ұйымдарын, студенттік деканаттарды, студенттік кеңестерді, жатақханалардағы өзін-өзі басқару ұйымдарын кеңінен таныстыру және насихаттау жұмыстары белсенді түрде жүргізілді. Бұл бағытта арнайы ақпараттық-түсіндіру науқаны ұйымдастырылып, студенттердің қызығушылығын оятуға және олардың белсенділігін арттыруға баса назар аударылды. Атап айтқанда, түрлі бейнероликтер әзірленіп, әлеуметтік желілерде тұрақты түрде посттар жарияланды, заманауи форматтағы плакаттар, брошюралар, афишалар мен постерлер дайындалып, кампус аумағында орналастырылды. Сонымен қатар, студенттерге арналған таныстыру кездесулері мен ақпараттық семинарлар өткізіліп, олардың студенттік өмірге белсенді араласуына жағдай жасалды. Мұндағы басты мақсат – жастарды жан-жақты қолдай отырып, оларды

университеттің белсенді студенттік қауымдастығына тарту, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және әлеуметтік жауапкершілігін арттыру болды.

Бөлімнің ұйымдастыруымен университетте әртүрлі іс-шаралар қарқынды түрде өткізілуде. Соңғы жылдары 70-ге жуық танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып, оның ішінде волонтерлық кездесулер, тренингтер, мастер-кларстар, пікірсайыс турнирлері, мерекелік кештер, мәдени және спорттық шаралар бар. Бұл іс-шаралар студенттердің өзара байланысын нығайтып, жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Нәтижесінде, университет өміріне 1500-ден астам студент белсенді қатысып, өздерінің шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін жетілдірді. Іс-шаралар студенттердің өзара тәжірибе алмасуына, командалық жұмысты дамытуға және кәсіби дағдыларын арттыруға көмектеседі. Сонымен бірге, бұл шаралар студенттерді қоғамдық өмірге, волонтерлық қызметке және ғылыми жобаларға белсенді қатысуға ынталандырады. Жастармен жұмыс бөлімі студенттердің көшбасшылық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ерекше мән береді. Бөлімнің іс-шаралары арқылы студенттер жаңа идеяларды іске асырып, өз бастамаларын көрсетуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бөлім студенттердің мәдени және спорттық шараларға қатысуын қолдап, олардың шығармашылық әлеуетін толық пайдалануға жағдай жасайды.

Бөлімнің негізгі принциптері – қатысу, бастамашылық және белсенді өмірлік ұстаным. Бұл принциптер студенттердің жан-жақты дамуына, жауапкершілік және шығармашылық қасиеттерін қалыптастыруға, университет өмірінде өз орнын табуына және белсенді азамат болып қалыптасуына мүмкіндік береді.





Сонымен қатар студенттердің білімге деген ынтасын арттыру, жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру, экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалмады.

Университетте жастар саясатын жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі – дебаттық қозғалысты дамыту болып табылады. Әлеуметтік жұмыс басқармасы осы бағытта жүйелі түрде жұмыстар жүргізіп, студенттердің сыни ойлауын, шешендік қабілеттерін, көшбасшылық дағдыларын дамытуға үлес қосуда. Қазіргі таңда университет қабырғасында «Еркін ойлар алаңы» интеллектуалдық пікірсайыс клубының қазақ лигасы белсенді жұмыс істеп келеді. Бұл ұйымдар студент жастарға пікір алмасуға, өз көзқарасын еркін білдіруге, қоғамдық мәселелерді талқылауға және ортақ шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Өткен оқу жылында дебаттық қозғалысты дамыту мақсатында 2 рет төрешілерді оқытуға арналған семинарлар өткізілді. Аталған семинарлар кәсіби төрешілерді даярлап қана қоймай, дебаттық мәдениеттің сапалы өсуіне ықпал етті. Сонымен қатар, университет деңгейінде 3 факультетаралық дебаттық турнир, 3 облыстық турнир, 1 өңірлік турнир ұйымдастырылды. Бұл шараларға жүздеген студент қатысып, өз білімін шыңдап, пікірталас мәдениетін меңгерді. Қалалық деңгейде екі ірі турнир өткізіліп, студенттердің қоғамдағы өзекті мәселелерге көзқарасын білдіруіне жағдай жасалды.

Университетіміздің пікірсайысшылары облыс көлемінде де табысты өнер көрсетіп, 9 облыстық турнирде жүлделі орындарға ие болды. Мұның өзі студенттердің дайындық деңгейінің жоғары екенін және университетіміздің пікірсайыс алаңындағы беделін көрсетеді. Бұдан бөлек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының қолдауымен TEDx форматындағы конференциялар ұйымдастырылып, жастарға жаңа идеялар мен заманауи көзқарастар ұсынылды. Жалпы алғанда, жүргізілген жұмыстар университет жастарының азаматтық белсенділігін арттыруға, олардың ой еркіндігін дамытуға, көшбасшылық

қабілеттерін шыңдауға зор ықпал етті. Дебаттық қозғалыс университеттегі студенттік өмірдің маңызды бөлігіне айналып, жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасап отыр.

Университетте студенттердің көшбасшылық қабілеттері мен зияткерлік әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осы мақсатта ағымдағы оқу жылы ішінде қала және факультетаралық деңгейде 11 интеллектуалдық ойын, сондай-ақ 1 квест форматындағы зияткерлік жарыстар ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралар студенттердің сыни тұрғыда ойлауын, креативті көзқарасын, ұжымда жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Сонымен қатар университетте 3 көшбасшылық бағытында клуб жұмыс істейді. Аталған клубтарда студенттер басқарушылық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытып, түрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысады. Жыл бойына көшбасшылық тақырыбында көптеген тренингтер өткізілді. Бұл шаралар жастардың жеке тұлғалық дамуына, азаматтық белсенділігін арттыруға, болашақ қоғам көшбасшылары мен кәсіби мамандарын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Есептік кезең ішінде барлығы 15 волонтерлік іс-шара ұйымдастырылып, түрлі бағыттарды қамтыды. Атап айтқанда, әлеуметтік көмек, экологиялық тәрбие, қайырымдылық акциялары, қоғамдық жұмыстар және жастар бастамалары жүзеге асырылды. Әлеуметтік волонтерлік бағыт аясында Қарттар үйіне бару іс-шарасы ұйымдастырылды. Бұл шара барысында қарттарға моральдық қолдау көрсетіліп, олармен әңгімелесу, концерттік бағдарлама ұсыну, күнделікті тұрмысына көмектесу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, қарттарға қажетті азық-түлік пен тұрмыстық заттар табысталды. Бұл іс-шара жастардың үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті. Экологиялық бағытта бірнеше сенбіліктер өткізілді. Атап айтқанда, қоғамдық орындарда, аула аумақтарында және саябақтарда тазалық жұмыстары жүргізілді. Қоқыстар жиналып, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау бойынша түсіндіру жұмыстары атқарылды. Осы бағытта жүзеге асқан негізгі бастамалардың бірі — «JASYL JUREK» жобасы болды. Жоба аясында ағаш отырғызу, жасыл аймақтарды көбейту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Бұл жоба жастардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталды. Сонымен қатар, қайырымдылық бағытында түрлі акциялар ұйымдастырылды. Мұқтаж отбасыларға көмек көрсету, киім-кешек, кітаптар мен оқу құралдарын жинау және тарату жұмыстары жүргізілді. Бұл акциялар қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қолдауға және жанашырлық сезімді дамытуға септігін тигізді. Қоғамдық және мәдени бағытта жастардың белсенділігін арттыру мақсатында бірқатар ұйымдастырушылық жұмыстар атқарылды. Волонтерлер қоғамдық іс-шараларға қатысып, тәртіп сақтау, қонақтарды бағыттау және ұйымдастыру жұмыстарына көмектесті.

Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша студент жастардың бойына рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру — тәрбие жұмысының маңызды бағытының бірі. Бұл бағыт аясында әр адамның жеке тұлғалық қабілетін дамыту, мінез-құлқын жетілдіру, қоғамға, Отанға, еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсат етіледі.

Университетіміздің басты рухани-танымдық орындарының бірі — «Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы музейі». Бұл музейге студенттердің қызығушылығын арттыру, тарихи тұлғаның өмір жолы мен еңбектерін таныстыру мақсатында оқу жылы барысында бірнеше экскурсия ұйымдастырылды. Факультеттің 1–4 курс студенттерінен жалпы 2865

студент, 4133 оқушылар, мұғалімдері мен ата-аналары, 75 арнайы қонақтар музейге келіп, экскурсияға қатысты. Студенттерге Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың ғылыми мұрасы, әдеби шығармалары мен ел тарихындағы орны туралы мағлұматтар берілді. Музейге бару барысында - студенттер тарихи жәдігерлермен танысты, Ұлы ойшылдың еңбектерінің көшірмелерін тамашалады, ұлттық рухты көтеретін тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл шаралар жастардың тарихи танымын арттырып, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті.

2025 жылдың 8-12 қыркүйек күндері аралығында Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен университеттің барлық факультеттерінде 1 курс студенттеріне рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық және эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Іс-шаралардың басты мақсаты – студенттердің жаңа оқу ортасына бейімделуіне жәрдемдесу, өзін-өзі дамытуға ынталандыру, эмоционалдық тұрақтылықты нығайту, стрессті жеңу әдістерін меңгерту, сондай-ақ тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру болды. Сонымен бірге қазіргі қоғамдағы тұрақсыздық жағдайында кең таралған келеңсіз құбылыстардың, атап айтқанда: радикалды діни ағымдар, буллинг, харассмент, лудомания, нашақорлық, суицид сияқты тәуекелдердің алдын алу мәселелері қарастырылып, студенттерге профилактикалық ақпарат ұсынылды. Іс-шараға қатысқан спикерлер: Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор – А. Тұрлыбек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы – Б. Алпысбаев, Әлеуметтік жұмыс басқармасының психолог мамандары – С. Момынова, З. Дауренова қатысты.

«Діни сауаттылықты қалыптастыру» бағытында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №640 бұйрығы бойынша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным бекітілген болатын. Аталған әдістемелік ұсынымда «Діни сауаттылықты дамыту, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу» бағытын жүзеге асыру міндеті қамтылған.

Әлеуметтік жұмыс басқармасы университеттің әр факультетімен бірлесіп, 1 курс студенттеріне дінтану тақырыбында ақпараттық-түсіндіру кездесулерін ұйымдастырды. Іс-шараларда студенттерге қазақ халқының діни мұралары, дін мен дәстүр сабақтастығы, Қазақстандағы діни заңдар, интернеттегі күмәнді діни топтардың белгілері және діни фанатизмнің қауіптілігі туралы жан-жақты ақпарат берілді. Студенттердің сұрақтарына дінтанулық тұрғыдан жауаптар беріліп, олардың діни сауаттылығы мен рухани иммунитетін арттыруға, деструктивті діни ағымдардың ықпалынан қорғауға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Университет қабырғасында мемлекет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойына орай «Міржақып Дулатұлының рухани мұрасы және ұлттық ағартушылық идеялары» атты ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев спикер ретінде қатысып, студентте жастарға ұлттық тәрбие құндылықтары, қазақ ойшылдардың діни мұралары туралы баяндама жасады.

БАҚ және республикалық интернет сайттарда жарияланған мақалалар:

19 қыркүйекте Республикалық «[ABAI.KZ](https://abai.kz)» ақпараттық порталында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың "Қазақтың мұсылмандық дүниетанымындағы ихсан ілімі" тақырыбында танымдық мақаласы жарияланды. (<https://abai.kz/post/204668>)

02 желтоқсанда Республикалық «[ABAI.KZ](https://abai.kz)» ақпараттық порталында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың "Ясауи ілімі" тақырыбында танымдық мақаласы жарияланды. (<https://abai.kz/post/208263>)

05 желтоқсанда «TARAZ 24» телеарнасының «YouTube» каналында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың «Іектен шыққан сенімнің соңы неге апарады» тақырыбында берілген сұхбаты (https://youtu.be/Q6lU8PjpiUQ?si=q_rba_Gl15Lw5Tp)

11 желтоқсанда «Jambyl» телеарнасының «Біздің пікір» бағдарламасына Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев қатысып, «Қазақ отбасында әкенің орны қандай болған? Қазір қандай?» тақырыбында өтілген сұхбатқа қатысты. (<https://jambyltv.kz/kz/videos/9277>)

2025 жылы 24-30 қараша аралығында студенттердің діни сауаттылығын арттыру бойынша «Студент жастардың діни сауаттылығын арттыру бойынша талдау жасау» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамада қазақ және орыс тілінде 20 сұрақ қамтылды. Жалпы сауалнамаға 1359 респондент қатысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылының І-ші жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы бағытта студенттер арасында ақпараттық-түсіндіру кездесулері, тәрбие сағаттары және құқықтық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

1. «Академиялық адалдық – әділ қоғамның бастауы: студенттік құқықтар мен омбудсменнің рөлі» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында студенттердің құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдықты қалыптастырудың маңызы, сондай-ақ әділ қоғам құрудағы омбудсмен институтының рөлі кеңінен талқыланды. Іс-шара студенттердің жауапкершілігін арттыруға және әділ, ашық академиялық орта қалыптастыруға ықпал етті.

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты интеллектуалды ойыны өтті. Ойын жастардың сыни ойлауын дамытуға, талдау жасау және өз пікірін дәлелді түрде білдіру қабілеттерін қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар, іс-шара жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру, құқықтық мәдениетті арттыру, адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды.

3. «Адал Азамат» атты интеллектуалды ойыны өткізілді. Бұл ойын студенттердің құқықтық мәдениетін арттыруға, сыни ойлау мен талдау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ адалдық пен әділдік, жауапкершілік құндылықтарын насихаттауға бағытталды. Іс-шара интерактивті форматта ұйымдастырылып, студенттердің белсенді қатысуымен өтті.

4. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында жастарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары түсіндіріліп, пікір алмасу мен талқылау ұйымдастырылды. Іс-шара студенттердің құқықтық мәдениетін арттыруға, жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыруға, адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын дәріптеуге бағытталды.

5. «Сенің құқың бар!» атты семинар-тренинг өтті. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, өз құқықтары мен міндеттерін түсінуге және заңға деген құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталды. Қатысушылар құқықтық нормалар, жеке жауапкершілік және әділдік қағидалары туралы ақпарат алып, пікір алмасу мүмкіндігіне ие болды.

6. «Заң мен тәртіп» аясында факультеттерде құқықтық диктант өткізілді. Жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және заңға деген құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталды.

7.«Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді тәрбиелеуде ата-ананың рөлі» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Ата-аналарды балалардың құқықтық және моральдық тәрбиесіне қатысты ақпаратпен қамтамасыз ету, тәрбиедегі рөлін күшейту, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

8. Жастармен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен «Заң және тәртіп қағидаты аясында: Еркіндік – ережеден басталады» пікірсайыс турнирі өткізілді. Студенттердің сыни ойлау, талдау жасау және дәлелді пікір білдіру қабілеттерін дамытуға бағытталды. Турнир жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға, заң нормаларына деген құрмет сезімін қалыптастыруға, әділдік пен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеуге ықпал етті.

9. «Жасөспірімдер арасында қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу және есірткі бизнесіне қарсы күрес» тақырыбында тәрбиелік іс-шара өткізілді. Жастардың құқықтық мәдениетін арттыру, қылмыстық құқық бұзушылыққа төзбеушілік пен есірткіге қарсы көзқарас қалыптастыру, жауапкершілік пен заңға құрмет сезімін дамыту мақсатында өткізілді.

10. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында кең көлемде түсіндірме жұмыстары Студенттер мен жастарға заң нормаларының маңызы, құқықтық тәртіп пен жауапкершілік қағидалары түсіндірілді.

11. TEDx форматында «Тұрмыстық жемқорлықпен қалай күресу керек?» ашық кездесуі өтті. Студенттердің құқықтық мәдениетін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру, заңға деген құрмет сезімін нығайтуға бағытталды.

12. Цифрлық қауіпсіздік, интернет-алаяқтықтан қорғану және кибертәуекелдердің алдын алу ақпараттық кездесуі өтті. Студенттердің ақпараттық қауіпсіздік дағдыларын дамытуға, интернеттегі алаяқтық пен киберқылмыстардан қорғану жолдарын түсіндіруге бағытталды.

13. «Жастар және цифрлық қаржы: қауіп пен мүмкіндік» семинары жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, жеке қаржыны тиімді басқару дағдыларын қалыптастыруға, цифрлық қаржы саласындағы қауіп-қатерлерден қорғануға бағытталды. Іс-шараға қатысқан арнайы қонақтар мен мамандар: Пирматов Азат Жанабекұлы – Жамбыл облысы ПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы, ювеналдық полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры, Багжанов Даурен Ораевич – Жамбыл облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі өңірлік өкілі, Тараз қаласы Полиция басқармасы №1 полиция бөлімінің өкілдері құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Өткізілген іс-шаралар студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға, цифрлық және қаржылық қауіпсіздік дағдыларын дамытуға, жауапкершілік пен заңға құрмет сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ әділ, ашық академиялық орта құруға оң ықпалын тигізді. Барлық іс-шара интерактивті форматта ұйымдастырылып, жастардың белсенді қатысуымен өтті.

Университет барлық факультеттерінде және студенттік жатақханаларында төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша кездесулер өткізілді. Қатысқан қонақтар: Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы азаматтық қорғау капитаны Өтешов Бахытжан Бөгенбейұлы және аға инженері азаматтық қорғау капитаны Алмабек Қайрат Қанатұлы. Кездесулер барысында мамандар студенттерге өрттің алдын алу ережелері, төтенше жағдайда әрекет ету тәртібі, және өрт сөндіру құралдарын қолдану тәсілдері жөнінде жан-жақты ақпарат берді.

Кураторлық жұмысы бойынша институт директоры, факультет декандарының бұйрығына сәйкес – **578** академиялық топқа – **410** куратор бекітіліп, 6 факультет бойынша директор, декан орынбасарларының және аға кураторлардың жұмысы үйлестірілуде. Бүгінгі күнге дейін – **2330** кураторлар сағаты өтіліп, хаттамаланды.

Есеп	Ф 7-1.2 АБ-12 – 2025	 DULATY UNIVERSITY Turkey since 1998
------	----------------------	--

р/с	Факультеттер	Куратор саны	Академиялық топ саны
1	«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті	57	61
2	«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті	91	110
3	Жаратылыстану ғылымдары факультеті	60	90
4	Технологиялық факультет	89	138
5	«Экономика және құқық» факультет	71	74
6	«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультет	42	105
	Жалпы саны:	410	578

Куратордың қызметін, оқу жылы барысында академиялық тобымен атқарылған жұмысын дәлелдеуші құжаттың бірі «Куратор журналы». Аталған құжатта топ кураторларының тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарланып, әрбір студенттерге жеке әлеуметтік психологиялық карта, сондай-ақ отбасын құрған және әлеуметтік жағдайы төмен студенттердің жеке карталары толтырылып, студенттердің оқу процесі үздіксіз қадағаланып отырады. Әр жаңа оқу жылында кураторларға тиімді әрі ыңғайлы болуы үшін, жыл қорытындысын есептеу кезеңіндегі топ кураторларының ұсыныстарына сәйкес «Кураторлар журналына» өзгертулер мен толықтырулар жасалынады. «Куратордың жұмыс жоспары» журналында тәрбие жұмысының бағыттары толық қамтылған. Жыл ішінде жоспарланатын мерекелік іс-шаралардың оқиғалар қатары кураторлық сағаттарында өткізіледі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша

2025-2026 оқу жылының жарты жылдығында студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу және медициналық сауаттылықтарын арттыру мақсатында бірнеше іс-шаралар өткізілді.

1. «Денсаулығы мықты ұрпақ – ел болашағы» атты кездесу ұйымдастырылды. Оған «Садыхан облыстық консультациялық-диагностикалық медициналық орталығы» ЖШС дәрігерлері мен медбикелер қатысты. Кездесу барысында студенттерге салауатты өмір салтының негіздері, дұрыс тамақтану, жеке гигиена және денсаулыққа күтім жасау

тақырыптары түсіндірілді. Бұл іс-шара студенттердің денсаулығына жауапкершілігін арттыруға, салауатты өмір салтын ұстануға ынтасын қалыптастыруға бағытталды.

2. «Есірткісіз өмір – еркін» атты дөңгелек үстел болды. Дөңгелек үстел барысында жастардың саналы таңдауын қалыптастыру, зиянды әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау мәселелері талқыланды. Қатысушылар есірткіге қатысты теріс көзқарас қалыптастырып, өз өмірлерінде салауатты әдеттерді ұстануға деген ынтасын арттырды.

3. «Қимылсыздықтың зияны және салауатты өмір салтын ұстану» тақырыбында ақпараттық сабақ пен тренинг өткізілді. Студенттерге физикалық белсенділіктің маңызы, спортпен айналысудың пайдасы және қимылсыздықтың зияны туралы толық ақпарат берілді. Нәтижесінде студенттер күнделікті белсенділікке бейімделіп, спорттық іс-шараларға қатысуға қызығушылық танытты.

Сонымен қатар, 10ted.kz ұйымының ұйымдастыруымен студенттерге «Алғашқы медициналық көмек» тақырыбында оқу дәрістері жүргізілді. Медицина қызметкерлерімен өткізілген бұл сабақтар студенттердің төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Студенттер кез келген жағдайда дұрыс әрекет етуге үйреніп, медициналық сауаттылықтарын арттырды.

Өткізілген іс-шаралар студенттердің салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылығын арттырып, денсаулыққа жауапкершілігін нығайтты. Сондай-ақ, жастардың зиянды әдеттерге қарсы саналы көзқарасы қалыптасып, физикалық және психологиялық дамуы қолдау тапты. Жарты жылдық кезеңде атқарылған жұмыстар салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытын нығайтуға маңызды үлес қосты.

Шығармашылық бағытты дамыту бойынша 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде жұмыс жүргізді. Есептік кезеңде орталықтың негізгі мақсаты – бірінші курс студенттерін шығармашылық ортаға бейімдеу, олардың қабілеттерін анықтау, студиялардың жұмысын жандандыру және студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру болды. Барлық факультеттер бойынша студенттерді шығармашылық студияларға тарту мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік желілер, хабарландырулар және таныстыру кездесулері арқылы студенттер орталық қызметімен таныстырылды.

Орталықтың жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде вокал, сән студиясы «**DU models**», жүргізушілер мектебі, хореография студиясының «**Бинар**» және «**Energy Girls**» қазіргі заманауи би топтары құрылып, кестелерге сәйкес сабақтары жүргізіліп, іс-шараларда өнер көрсетуде. Қазіргі таңда Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына барлық факультеттерден қатысатын студенттер саны -515 қамтылған. Нәтижесінде вокал, би, аспаптық орындау және басқа да бағыттар бойынша жаңа топтар құрылды. Атап айтсақ:

08-19.09.2025 жылы - Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының шығармашылық студияларына бірінші курс студенттерін тарту үшін үгіт-насихат жұмыстары онлайн форматында ұйымдастырылды;

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы факультеттердің бірінші курс жастарын студенттер қатарына қосу және студенттік билет табыстау үшін

ұйымдастырылған іс-шараларына, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларға да белсене қатысып, өнер көрсетті.

15.09.2025 жылы - Білім күніне арналған салтанатты кеш ұйымдастырылды. Кеш қалалық Білім алаңында 500 студенттің қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Жаңа оқу жылының басталуына орай **«Жаңа қадам, жаңа бастау!»** атты салтанатты кеш ұйымдастырылады. Іс-шараның басты мақсаты – бірінші курс студенттерін ресми түрде студент қатарына қабылдау, олардың жаңа өмір кезеңіне қадам басуын атап өту және оқу ордасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру. Мерекелік кеш барысында бірінші курс студенттерінің ант қабылдау рәсімі, студенттік билеттерді табыстау және құттықтау сөздер мен концерттік нөмірлер ұсынылады. Сондай-ақ, жоғары курс студенттері мен ұстаздар тарапынан жылы лебіздер айтылып, білім мен ізденіске бастайтын рухани қолдау көрсетіледі. Бұл салтанатты жиын – жастардың өміріндегі маңызды белес, жаңа мүмкіндіктер мен жетістіктерге жол ашатын мәнді мереке болып табылады.

22.10.2025 жылы - 25 қазан күні Республика күніне орай **«Елім деп соқсын жүрегің!»** атты салтанатты жиын. Бұл іс-шара – еліміздің ең ұлық мерекесіне арналған маңызды мәдени-рухани басқосу болып табылады. Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен мемлекеттік құндылықтарын дәріптеу, отансүйгіштік сезімді арттыру және университет ұжымы мен студенттері арасында рухани бірлікті нығайту, қатысушылардың мерекелік көңіл-күйін көтеру және отансүйгіштік рухты қалыптастыруға бағытталды.

25.11.2025 жылы – Орталықтың ұйымдастыруымен Студенттер қатарына қабылдауға арналған «17-қараша-Халықаралық студенттер» күніне орай **« Student`s DAY – Жастар FEST 2025!»** университет студенттеріне арналған мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кеш 1 курс студенттеріне арналғандықтан еркін форматта өтті. Кешке барлығы 500-ге жуық студент қатысты. Бағдарлама барысында құттықтау сөздер, концерттік нөмірлер мен арнайы сыйлық табыстау рәсімі ұйымдастырылды.

6-15.10.2025 жылы – университеттің өнерлі, дарынды жастарды анықтап, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қолдау көрсету мақсатында барлық факультеттердің бірінші курс студенттерінің арасында факультетаралық **«Жас талант-2025»** шығармашылық байқауы өткізілді. Студент жастар бағын сынап хореография, вокал, күй, ән-терме, бейнелеу өнері номинациялары бойынша өнерлерін көрсетіп, бақ сынасты. Байқауға 5 факультеттен 120 студент жастар қатысты.

24.12.2025 жылы - **«Қош келдің – 2026 жыл»** атты студенттік балл кеші өтті. Концертті «Blesting» заманауи би тобының «Ақшақар» биімен ашылды. Жылдың ең үздіктерін анықтайтын кеште университетіміздің ең үздік, белсенді, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени іс-шараларына етене араласып жүрген студенттер **«ЕҢ ҮЗДІК»** номинацияларымен марапатталды.

Факультеттер бойынша шығармашылық студияларға қатысатын студенттер саны

Есеп	Ф 7-1.2 АБ-12 – 2025	 DULATY UNIVERSITY Turas 1 since 1998
------	----------------------	---

№	ФАКУЛЬТЕТТЕР			Математика	Тарих	Экономика және		Барлығы
	СТУДИЯЛАР							
1	Вокал студиясының жетекшісі Қанарбек Алия	20	80	20	10	5	0	135
2	Хореография студиясының жетекшісі Шахшамбаева Алия	30	80	29	20	20	0	179
3	Сән студиясының жетекшісі Түймебай Акерке	20	5	10	15	15	0	65
4	Жүргізушілер мектебі Искараева Светлана	20	10	5	3	3	0	41
	Барлығы	90	175	64	48	43	0	420

2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде жұмыс жүргізді. Есептік кезеңде орталықтың негізгі мақсаты – бірінші курс студенттерін шығармашылық ортаға бейімдеу, олардың қабілеттерін анықтау, студиялардың жұмысын жандандыру және студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру болды.

Студенттердің менталды денсаулығы бойынша:

Қазіргі білім беру кеңістігінде студенттердің менталды денсаулығын сақтау мен нығайту жоғары оқу орындарының әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Оқу жүктемесінің артуы, ақпараттық ағымның жылдамдығы және әлеуметтік ортадағы өзгерістер студенттердің психоэмоционалдық жағдайына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты менталды әл-ауқатты қолдау жүйесін қалыптастыру білім беру сапасын қамтамасыз етудің ажырамас шарты болып саналады. Студенттік кезең тұлғаның кәсіби және әлеуметтік тұрғыда қалыптасуымен қатар, психологиялық тұрғыдан аса сезімтал өтпелі кезең ретінде сипатталады. Бұл уақытта жеке жауапкершілік деңгейінің өсуі, болашаққа қатысты белгісіздік және бейімделу үдерістері эмоционалдық тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін. Сондықтан студенттердің менталды денсаулығын қолдау алдын алу және ерте араласу шараларын жүйелі түрде ұйымдастыруды талап етеді.

Жоғары оқу орындарында менталды денсаулық мәселелеріне назар аудару студенттермен жүргізілетін тәрбиелік, әлеуметтік және профилактикалық жұмыстардың

мазмұнын жаңғыртуды қажет етеді. Бұл бағыттағы іс-шаралар студенттердің стресс жағдайларын басқару дағдыларын дамытуға, эмоционалдық сауаттылығын арттыруға және психологиялық көмекке жүгіну мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда студенттердің менталды денсаулығын қолдауға арналған кешенді шараларды іске асыру университеттің тұрақты дамуына, адам капиталының сапасын арттыруға және әлеуметтік жауапты білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді. Менталды әл-ауқатқа бағытталған жүйелі жұмыс студенттердің жеке дамуын қолдап қана қоймай, олардың қоғамға бейімделген, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалайды.

Студенттердің менталды денсаулығын қолдауға бағытталған жұмыстар университетте жүйелі және көпдеңгейлі тәсіл негізінде ұйымдастырылды. Іс-шаралар құрылымы алдын алу, ақпараттандыру, психоәлеуметтік қолдау және студенттердің өзіндік ресурстарын дамыту бағыттарын қамтыды. Бұл тәсіл менталды әл-ауқатқа әсер ететін факторларды кешенді түрде қарастыруға және әртүрлі студенттік топтардың қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік берді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелілігі нақты сандық көрсеткіштер арқылы айқындалады. Есепті кезең ішінде студенттердің менталды денсаулығын қолдауға бағытталған 50-дан астам іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралар ақпараттық-ағартушылық кездесулерді, тренингтерді, интерактивті сессияларды және психоәлеуметтік қолдау форматтарын қамтыды. Іс-шараларға 800-ден астам студент тартылып, олардың қатарында 1–4 курс білім алушылары, жатақханада тұратын студенттер және студенттік ұйым белсенділері болды. Қатысушылардың кең ауқымда қамтылуы менталды денсаулық мәселелерінің өзектілігін және студенттердің бұл бағыттағы іс-шараларға қызығушылығын көрсетті. Есепті кезеңде 15 топтық тренинг пен практикалық сабақ, сондай-ақ 10 ақпараттық кездесу мен дәріс өткізілді. Бұл іс-шаралар барысында студенттер стресс жағдайларын басқару, эмоцияларды реттеу, тиімді коммуникация және өзіндік ресурстарды пайдалану дағдыларын меңгерді. Әрбір тренинг орта есеппен 25–30 студентті қамтыды. Сонымен қатар, студенттерге қолжетімді психологиялық қолдау шеңберінде 50-ге жуық жеке және шағын топтық консультациялар ұйымдастырылды. Бұл форматтар студенттердің жеке мәселелерін талқылауға, психоэмоционалдық тұрақтылықты қалпына келтіруге және қиын жағдайларда қолдау алуға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, сандық көрсеткіштер жүргізілген жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асырылғанын және студенттердің менталды денсаулығын қолдауға бағытталған іс-шаралардың тұрақты сұранысқа ие екенін көрсетеді. Қамту көлемі мен іс-шаралар саны алдағы кезеңде бұл бағыттағы жұмыстарды кеңейтуге және институционалдық деңгейде дамытуға негіз қалайды.

Студенттер үйінде атқарылған жұмыстар бойынша университеттің 2 студенттік жатақханада жалпы 932 орын бар. №1 Студенттік жатақхана (Төле би, 60) – 510 орын, №2 Студенттік жатақхана (Жамбыл даңғылы, 16 А) – 422 орынды қамтиды. Студенттік жатақханаға орналасу «Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (ҚР БЖҒ министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 189 бұйрығына) сәйкес ұсынылады.

Студенттік жатақханаларда 2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында студенттердің қауіпсіздігін, әлеуметтік тұрақтылығын және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды іс-шаралар кешені жүзеге асырылды. Аталған жұмыстар

профилактикалық, тәрбиелік және қолдау бағыттарын қамтып, жатақханадағы өмір сапасын арттыруға негізделді. Есепті кезеңде нашақорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Осы бағытта түсіндіру кездесулері, тақырыптық әңгімелер мен ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, студенттердің құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілік деңгейін арттыру көзделді. Сонымен қатар, студенттердің менталды денсаулығын қолдау мақсатында психолог мамандармен жүйелі кездесулер ұйымдастырылып, психоэмоционалдық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған практикалық ұсыныстар берілді. Дінтанушы мамандармен өткен кездесулер барысында діни сауаттылықты арттыру, радикалды көзқарастардың алдын алу және толерантты дүниетанымды қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Жатақханаларда тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында факультет оқытушылары мен тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарларының кезекшілігі ұйымдастырылды. Аталған кезекшілік жұмыстарына әлеуметтік жұмыс басқармасының мамандары да тартылып, студенттермен тікелей байланыс орнату және жедел мәселелерді уақытылы шешу қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған мәдени-көпшілік шаралар өткізілді. Бұл іс-шаралар жатақхана тұрғындарының өзара қарым-қатынасын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жағымды әлеуметтік орта қалыптастыруға ықпал етті.

Студенттік жатақханалардағы орындарды бөлу арнайы құрылған комиссия отырысында қарастырылады. Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады: мүгедектер қатарынан мүмкіндігі шектеулі адамдар; бала кезден мүгедектер; I және II топтағы мүгедектер; мүгедек балалар; жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар; ата-анасының екеуінде де немесе бірінде мүгедектігі барлар; ауыл жастары қатарынан шыққан, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға оқуға түскен адамдар; ҚР азаматтары болып табылмайтын «оралмандар»; «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар; ҰБТ қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылданған бірінші курс білім алушылары; білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

